

**Лебяжі ауданы бойынша 2013 жылға арналған мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек тағайындау туралы**

***Күшін жойған***

Павлодар облысы Лебяжі аудандық мәслихатының 2013 жылғы 11 ақпандағы N 4 /13 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 28 ақпанда N 3460 болып тіркелді. Күші жойылды - қолдану мерзімінің өтуіне байланысты (Павлодар облысы Лебяжі аудандық мәслихатының 2014 жылғы 05 наурызыдағы N 1-19/43 хатымен)

**Ескерту. Күші жойылды - қолдану мерзімінің өтуіне байланысты (Павлодар облысы Лебяжі аудандық мәслихатының 05.03.2014 N 1-19/43 хатымен).**

**Р К А О                    е ск е р т п е с і .**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

**Ескерту. Бұкіл мәтін бойынша 15 деген санынан кейін күнтізбелік деген сөзben толықтырылды - Павлодар облысы Лебяжі аудандық мәслихатының 22.07.2013 N 2/19 (жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 56-бабы 1-тармағы 4) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 1-тармағы 15) тармақшасына және Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 сәуірдегі "Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін женілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы" Заңының 20-бабына, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 сәуірдегі "Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" Заңының 11-бабы 2-тармағы 3) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Укіметінің 2011 жылғы 7 сәуірдегі "Жергілікті атқарушы органдар көрсететін әлеуметтік қорғау саласындағы мемлекеттік қызметтердің стандарттарын бекіту туралы" N 394 қаулысымен бекітілген "Жергілікті өкілді органдардың шешімдері бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек тағайындау және төлеу" мемлекеттік қызмет стандартына сәйкес, Лебяжі аудандық мәслихат,

**ШЕШІМ                    Е Т Е ДІ:**

1. Әлеуметтік төлемдер алуға құқығы бар азаматтардың санаттары:
  - 1) Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне;

2) женілдіктер мен кепілдіктер жағынан Ұлы Отан соғысына қатысушыларға теңестірілген                           адамдарға,                           атақ                           айтқанда:

корғанызына қатысу майдандағы армия бөлімдерінің әскери қызметшілері үшін белгіленген женілдік шарттарымен зейнетақы тағайындау үшін еңбек өткерген жылдарына 1998 жылғы 1 қаңтарға дейін есептелді қалаларда Ұлы Отан соғысы кезінде қызмет атқарған әскери қызметшілер, сондай-ақ бұрынғы КСР дағы ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік органдарының басшы және қатардағы                                  құрамының                                  адамдары;

Ұлы Отан соғысы кезінде майдандағы армия құрамына кірген әскери бөлімдерде, штабтарда, мекемелерде штаттық қызмет атқарған Совет Армиясының, Әскери-Теңіз Флотының, бұрынғы КСР Одағының ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік әскерлері мен органдарының ерікті жалдама құрамаларының адамдары, яки сол кездерде корғанызына қатысу майдандағы армия бөлімдерінің әскери қызметшілері үшін белгіленген женілдік шарттарымен зейнетақы тағайындау үшін еңбек өткерген жылдарына 1998 жылғы 1 қаңтарға дейін есептеледі қалаларда болған адамдар;

коршаудағы кезеңінде Ленинград қаласының кесіпорындарында, мекемелері мен ұйымдарында жұмыс істеген және "Ленинградты қорғағаны үшін" медалімен әрі "Қоршаудағы Ленинград түрғыны" белгісімен наградталған азаматтар;

екінші дүниежүзілік соғыс кезінде фашистер мен олардың одактастары құрған концлагерлердің, геттолардың және басқа да еріксіз ұстau орындарының жасы                  кәмелетке                  толмаған                  бұрынғы                  тұтқындары;

басқа мемлекеттердің аумақтарындағы ұрыс қимылдарына қатысушылар,  
атақ    айтқанда :

бұрынғы КСР Одағы үкімет органдарының шешімдеріне сәйкес басқа мемлекеттің аумақтарындағы ұрыс қимылдарына қатысқан - Совет Армиясының, Әскери-Теңіз флотының, Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің әскери қызметшілері, бұрынғы КСР Одағы Ишкі істер министрлігінің қатардағы және басқарушы құрамының адамдары (әскери мамандар мен кеңесшілерді қоса есептегенде); жаттығу жиындарына шақырылып, ұрыс қимылдары жүріп жатқан кезде Ауғанстанға жіберілген әскери міндептілер; ұрыс қимылдары жүріп жатқан осы елге жүк жеткізу үшін Ауғанстанға жіберілген автомобиль батальондарының әскери қызметшілері; бұрынғы КСР Одағының аумағынан Ауғанстанға жауынгерлік тапсырмаларды орындау үшін ұшуулар жасаған ұшу құрамының әскери қызметшілері; Ауғанстандағы кеңес әскери құрамына қызмет көрсеткен жараланған, контузия алған немесе зақымданған, яки ұрыс қимылдарын қамтамасыз етуге қатысқаны үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдерімен наградталған жұмысшылар мен қызметшілер;

1986 - 1987 жылдары Чернобыль атом электростанциясындағы апаттың,

сондай-ақ азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың зардалтарын жоюға қатысқан, сондай-ақ ядролық сынақтар мен жаттығуларға тікелей қатысқан адамдар;

3) женілдіктер мен кепілдіктер жағынан Ұлы Отан соғысына мүгедектеріне теңестірілген                      адамдарға,                      атап                      айтқанда:

бұрынғы КСР Одағын қорғау кезінде, әскери қызметтің өзге де міндеттерін басқа уақытта орындау кезінде жарапануы, контузия алуды, зақымдануы салдарынан немесе майданда болуына байланысты, сондай-ақ Ауғанстанда немесе ұрыс қимылдары жүргізілген басқа мемлекеттерде әскери міндетін өтеу кезінде ауруға шалдығуы салдарынан мүгедек болған әскери қызметшілер;

әскери міндетін орындау кезінде жарапануы, контузия алуды, зақымдануы салдарынан, яки майданда болуына немесе ұрыс қимылдары жүргізілген мемлекеттерде әскери міндетін орындаудың байланысты ауруға шалдығуы салдарынан мүгедек болған бұрынғы КСР Одағының мемлекеттік қауіпсіздік органдарының және ішкі істер органдарының басшы және қатардағы  
құрамындағы    адамдар;

Чернобыль атом электростанциясындағы апаттың, азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың, ядролық қаруды сынаудың салдарынан мүгедек болған адамдар, сондай-ақ ата-анасының бірінің радиациялық сәуле алуды себебінен генетикалық жағынан мүгедек                      болып                      қалған                      олардың                      балалары;

Ауғанстанда немесе ұрыс қимылдары жүргізілген басқа мемлекеттерде әскери міндетін өтеу кезінде ауруға шалдығуы салдарынан мүгедек болған  
әскери    қызметшілер;

4) женілдіктер мен кепілдіктер жөнінен соғысқа қатысушыларға теңестірілген адамдардың                      басқа                      да                      санаттары,                      атап                      айтқанда:

Ауғанстандағы немесе ұрыс қимылдары жүргізілген басқа мемлекеттердегі ұрыс қимылдары кезеңінде жарапанудың, контузия алудың, зақымданудың немесе ауруға шалдығудың салдарынан қаза тапқан (хабар-ошарсыз кеткен) немесе қайтыс болған әскери қызметшілердің отбасы;

қайтыс болған соғыс мүгедектерінің және соларға теңестірілген мүгедектердің әйелдері (күйеулері), сондай-ақ қайтыс болған соғысқа қатысушылардың, партизандардың, астыртын күрес жүргізген адамдардың, "Ленинградты қорғағаны үшін" медалімен және "Қоршаудағы Ленинград түрғыны" белгісімен наградталған, жалпы ауруға шалдығудың, еңбек ету кезінде зақым алудының нәтижесінде және басқа себептерге (куқыққа қайшы келетіндерінен басқаларына) байланысты мүгедек деп танылған азаматтардың екінші рет некеге тұрмадан                      әйелдері    (күйеулері);

Ұлы Отан соғысы жылдарында 1941 жылдың 22 маусым мен 1945 жылдың 9

мамыр аралығында кем дегенде 6 ай тылдағы қажырлы еңбегі және мінсіз өскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдерімен наградталған адамдар және қажырлы еңбегі және мінсіз өскери қызметі үшін бұрынғы КСР ордендерімен және медальдерімен наградталмаған адамдар;

1988 - 1989 жылдардағы Чернобыль атом электростанциясындағы апаттың зардаптарын жоюға қатысқан, оқшаулау аймағынан Қазақстан Республикасына қоныс аудартқан (өз еркімен көшкен) адамдар қоныс аудартқан құні анасының құрсағындағы балаларды қоса алғанда;

5) зейнеткерлік жасқа жеткен адамдар, атап айтқанда:  
жалғызбасты және жалғыз тұратын қарт адамдар;

100 жастағы және одан асқан азаматтар;  
төмен зейнетақы алатын зейнеткерлер;

6) мүгедектер, атап айтқанда:  
18 жасқа дейінгі мүгедек балалар;

1, 2, 3 топтағы мүгедектер;

кәмелет жасқа толмаған балалары бар мүгедек әйелдер;

18 жастан асқан бала кезінен мүгедек атанған тетрапареза, парапареза балалар церебралды сал ауруының курделі формасымен ауыратын 1-ші топ  
мүгедектер;

арбадағы мүгедек;

7) төрт және одан да көп кәмелетке толмаған балалары бар аз қамтамасыз  
етілген көп балалы аналар;

8) аз қамтамасыз етілген отбасыларынан оқитын студенттер және  
ата-анасының қамқорынысыз қалған жетім балалар;

9) аз қамтамасыз етілген азаматтар;

10) әлеуметтік-мағыналы аурулармен ауыратын азаматтар, атап айтқанда:  
онкологиялық аурулармен ауыратын азаматтар;  
туберкулез ауруларымен ауыратын азаматтар;  
адамның қорғаныш тапшылығының қоздырғышы аурумен ауыратын  
азаматтар;

11) ауданға жұмыс істеуге келген (дәрігерлерден басқа) жоғарғы білімдері  
бар немесе орта мамандырылған білімдері бар мамандарға;

12) аудандық денсаулық сақтау мекемесіне жұмыс істеуге келген дәрігерлер;

13) социалистік еңбек ерлері.

**Ескерту. 1-тармақта өзгерістер енгізілді - Павлодар облысы Лебяжі аудандық мәслихатының 22.07.2013 N 2/19 (жарияланғаннан кейін құнтізбелік он қун өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

2. "Лебяжі ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Бөлім) осы шешімнің 1-тармағында

көрсетілген азаматтар санаттарына әлеуметтік төлем тағайындастын және  
қызметтер

көрсетілсін:

1) әлеуметтік көмек:

1) тармақшада көрсетілген санатқа - Ұлы Отан соғысының Жеңіс Күніне орай  
- 75000 теңге көлемінде, азық-түлік жиынын сатып алу үшін - 5000 теңге  
көлемінде, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Күніне орай – 25000  
тенге

көлемінде;

2) тармақшаның бірінші, екінші, үшінші, төртінші абзацтарында, 3)  
тармақшаның бірінші, екінші абзацтарында, 4) тармақшаның екінші, үшінші  
абзацтарында көрсетілген санаттарға Ұлы Отан соғысының Жеңіс Күніне орай -  
3000 тенге

көлемінде;

2) тармақшаның төртінші абзацында, 4) тармақшаның үшінші абзацында  
көрсетілген санаттарға (тек қана ордендерімен және медальдерімен наградталған  
адамдарға) – Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Күніне орай -  
15000 тенге

көлемінде;

4) тармақшаның екінші абзацында көрсетілген санаттарға – Қазақстан  
Республикасының Тұңғыш Президенті Күніне орай - 10000 теңге көлемінде;

2) тармақшаның бесінші абзацында (тек қана Ауған соғысының  
қатысушылары), 3) тармақшаның төртінші абзацында, 4) тармақшаның бірінші  
абзацында көрсетілген санаттарға Ауғанстаннан әскерлерді шығару күніне орай -  
6000 тенге

көлемінде;

2) тармақшаның алтыншы абзацында, 3) тармақшаның үшінші абзацында, 4)  
тармақшаның төртінші абзацында көрсетілген санаттарға Чернобыль атомдық  
электростанциясындағы апаты күніне орай - 6000 теңге көлемінде;

Карттар күніне орай:

5) тармақшаның бірінші, үшінші, абзацтарында көрсетілген санаттарға - 2000  
тенге

көлемінде;

5) тармақшаның екінші абзацында көрсетілген санаттарға - 5000 теңге  
көлемінде;

Мүгедектер күніне орай:

6) тармақшаның бірінші, екінші абзацтарында көрсетілген санаттарға - 4000  
тенге

көлемінде;

6) тармақшаның үшінші абзацында көрсетілген санаттарға - 2000 теңге  
көлемінде;

6) тармақшаның бірінші абзацында көрсетілген санаттарға Жаңа жыл  
мерекесіне және Балаларды қорғау күніне – 2 айлық есептік көрсеткіш көлемінде  
;

6) тармақшаның үшінші абзацында және 7) тармақшасында көрсетілген  
санаттарға 8 наурыз Халықаралық әйелдер күніне - 4000 теңге көлемінде;

2 ) т а б ы с т ы е с к е р м е й :

б і р ж о л ғ ы м а т е р и а л д ы қ к ө м е к :

1) тармақшада көрсетілген санаттарға жазылу компаниясы кезеңінде республикалық, облыстық және аудандық газеттерге жазылуға нақты көлемінде;

күннен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде; ай сайынғы материалдық көмек:

айдың 25-не дейін тұрғын коммуналдық қызмет шығындарды төлеу үшін 4 айлық есептік көрсеткіш көлемінде;

айдың 25-не дейін нақты қолданылған электр қуатын төлеу үшін; б і р ж о л ғ ы м а т е р и а л д ы қ к ө м е к :

2) және 3) тармақшаларында көрсетілген санаттарға:

жазылу компаниясы кезеңінде республикалық, облыстық және аудандық газеттерге жазылуға нақты көлемінде;

ай сайынғы материалдық көмек:

әр айдын 25-не дейін тұрғын коммуналдық қызмет шығындарды төлеу үшін (Ауган соғысының қатысушылары мен Чернобыль атом электростанциясына қатысушыларынан басқалары) 3 айлық есептік көрсеткіш көлемінде;

тоқсан сайынғы материалдық көмек:

есептік тоқсанның 5-не дейін Ауган соғысының қатысушыларына және Чернобыль атом электростанциясына қатысушыларына тұрғын коммуналдық қызмет шығындарды төлеу үшін 5 айлық есептік көрсеткіш көлемінде;

б і р ж о л ғ ы м а т е р и а л д ы қ к ө м е к :

4) тармақшаның үшінші абзацында көрсетілген санаттарға (тек қана ордендерімен және медальдерімен наградталған адамдарға) электрлі қуатты пеш орнату үшін нақты көлемі бойынша;

5) тармақшада көрсетілген санаттарға өтініш жазған күннен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде санаторлы-курорттық ем алуға 49000 теңге көлемінде;

өтініш беруші санаторлы-курорттық емделуден бас тартқан жағдайда, 10 күн ішінде алған әлеуметтік көмекті аудан бюджетіне қайтарады;

Астана қаласына экскурсияға бару үшін 27000 теңге көлемінде, өтініш жазған күннен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде;

б і р ж о л ғ ы м а т е р и а л д ы қ к ө м е к :

6) тармақшада көрсетілген санаттарға:

қатты отын сатып алу үшін 5 айлық есептік көрсеткіш көлемінде, өтініш берген күннен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде;

жазылу компаниясы кезеңінде облыстық және аудандық газеттерге жазылуға нақты көлемінде;

дәрі-дәрмек сатып алу үшін 5 айлық есептік көрсеткіш көлемінде, 15

күнтізбелік күн ішінде өтініш берген күннен бастап;

нақты көлеміндегі шығындардың есебін көрсете отырып өз жеке ісін ашу үшін материалдық көмек, өтініш берген күннен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде;

спутниктік телебағдарламасын орнату үшін нақты көлемінде, өтініш берген күннен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде;

6) тармақшаның бесінші абзацында көрсетілген санаттарға пандус құру үшін нақты көлемінде, өтініш түскен күннен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде;

ай сайынғы материалдық көмек:

мектепке дейінгі мүгедек балаларды бала-бақшада ұстau үшін төлем ақысы 3 айлық есептік көрсеткіш көлемінде;

бала-бақшада баратын мектепке дейінгі балалардың мүгедек ата-аналарына бала-бақша төлем ақысы 3 айлық есептік көрсеткіш көлемінде;

біржолғы материалдық көмек:

9) тармақшада көрсетілген санаттарға бас бостандығын айыру орнынан шыққан азаматтарға 5 айлық есептік көрсеткіш көлемінде, өтініш берген күннен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде;

кәсіби даярлау және қайта даярлау өтіп жатқан жұмыссыздарға 7500 теңге көлемінде есептік айдың 5-неге дейін;

Бөлімде тіркеуде тұрған жұмыссыздарға жерлеуге 15 айлық есептік көрсеткіш көлемінде, өтініш берген күннен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде;

біржолғы материалдық көмек:

10) тармақшаның бірінші абзацында көрсетілген санаттарға 10 айлық есептік көрсеткіш, 15 күнтізбелік күн ішінде өтініш берген күннен бастап;

10) тармақшаның екінші абзацында көрсетілген санаттарға стационарлық емделуге мұқтаж азаматтарға 5 айлық есептік көрсеткіш көлемінде, өтініш берген күннен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде;

10) тармақшаның үшінші абзацында көрсетілген санаттарға 10 айлық есептік көрсеткіш көлемінде "Павлодар облысының СПИДпен құрес және алдын алу орталығы" мемлекеттік мекемесінен тізім түскен күннен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде;

ай сайынғы материалдық көмек:

10) тармақшаның екінші абзацында көрсетілген санаттарға амбулаториялық емделудегі азаматтарға 5 айлық есептік көрсеткіш, өтініш берген күннен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде;

біржолғы материалдық көмек:

11) тармақшада көрсетілген азаматтарға аудан орталығының арасындағы қашықтыққа байланысты (Аққу, Шарбакты, Бесқарағай, Жамбыл, Жанатан, Әйтей, Черное, Шабар, Шемши, Ямышево, Қызыл-қоғам, Тлектес ауылдары – 121170 теңге; Қазы, Малыбай, Қазантай ауылдары – 125000 теңге; Майқарағай,

Мерғалым, Баймолда, Тақыр, Теренкөл, Төсағаш ауылдары – 175000 теңге, Шақа, Шоқтал, Жабағлы - 200000 теңге) материалдық көмек, өтініш берген күннен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде;

12) тармақшада көрсетілген азаматтарға 200000 теңгеден бастап 400000 теңгеге дейін (аудандық орталығы дәрігерлеріне 200000 теңге; Шарбақты, Бесқарағай, Жамбыл, Жанатан, Әйтей, Черное, Шабар, Шемши, Ямышево, Қызыл-қоғам, Тлектес ауылдары – 300000 теңге; Қазы, Малыбай, Қазантай, Майқарағай, Мерғалым, Баймолда, Тақыр, Теренкөл, Төсағаш, Шақа, Шоқтал, Жабағлы – 400000) материалдық көмек, өтініш берген күннен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде;

13) тармақшаның бесінші абзацында көрсетілген санаттарға пәтерлеріне ағымдағы жөндеу жасау үшін нақты көлемінде, өтініш түсін күннен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде;

ай сайынғы материалдық көмек:

13) тармақшада көрсетілген санаттарға айдың 25-не дейін нақты қолданылған электр қуатын төлеу үшін;

3 ) табасты ескере:

тоқсандық материалдық көмек:

5) тармақшада көрсетілген санаттарға тұрғын коммуналдық қызмет шығындарды төлеу үшін 3 айлық есептік көрсеткіш көлемінде, есептік тоқсаның 5 - не дейін;

біржолғы материалдық көмек:

8) тармақшада көрсетілген санаттарға оқу төлем ақысын нақты төлем ақысы көлемінде мамыр және қазан айларында және ай сайынғы материалдық көмек жоғары оқу орнында оқыту кезеңіне жолақысына, жүріп-тұруына және тамақтануына 15235 теңге көлемінде, ағымдағы айдың 25-не дейін;

9) тармақшада көрсетілген санаттарға құжаттандыруға (жеке куәлік) 1 айлық есептік көрсеткіш, өтініш берген күннен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде;

жеке ауланы дамыту үшін 150000 теңге көлемінде, өтініш берген күннен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде;

жүктілігіне байланысты 12 аптаға дейін есепке тұрған жүкті әйелдерге 10 айлық есептік көрсеткіш көлемінде, өтініш берген күннен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде;

оңалту орталығын ашу үшін ұсынылған нақты көлеміндегі есептеріне сәйкес, өтініш берген күннен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде;

табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдай салдарынан қарастырылмаған шығыстарға байланысты (өрт, тоңау, бір айдан аса созылған ауру) 10 айлық есептік көрсеткіш көлемінде, өтініш берген күннен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде;

спутниктік телебағдарламасын орнату үшін нақты құны көлемінде, өтініш берген күннен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде;  
ай сайынғы материалдық көмек:  
балалар тамағын сатып алу үшін 2 айлық есептік көрсеткіш көлемінде,  
ағымдағы айдын 25-не дейін;  
зейнеткерлік алдындағы жастағы жұмыссыздарға (жасына қарай зейнеткерлікке шығуға 3 жыл қалған) 3 айлық есептік көрсеткіш көлемінде,  
ағымдағы айдын 25-не дейін;  
тоқсан сайынғы материалдық көмек:

"Жұмыспен қамту – 2020 бағдарламасы" бойынша тәмен экономикалық потенциалды ауылдардан көшірілген отбасыларына коммуналдық қызмет шығындарды төлеу үшін 9 айлық есептік көрсеткіш көлемінде.

**Ескерту. 2 тармақта өзгерістер енгізілді - Павлодар облысы Лебяжі аудандық мәслихатының 03.04.2013 N 3/15 (жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен; 2 тармақшасы жаңа редакцияда - Павлодар облысы Лебяжі аудандық мәслихатының 22.07.2013 N 2/19 (жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

3. Өлеуметтік көмек алу үшін әрбір санат бойынша осы шешімнің 1-тармағында көрсетілген келесі құжаттарды, Бөлімге ұсыну қажет:

1) 1), 2), 3), 4), 5), 6), 7), 8), 9), 10), 11), 12), 13) тармақшаларында көрсетілген санаттарына – өтініш, жеке куәлігінің көшірмесі, "Қазпошта" акционерлік қоғамы пошталық бөлімшесінде немесе екінші деңгейдегі банктерде ашылған жеке шотының көшірмелері, тұргылықты жерден мекен жай анықтамасының тұпнұсқасы;

толығырақ:

2) 5) тармақшада көрсетілген санаттарға санаторияға бару үшін – ем алу қажетін растайтын медициналық қорытынды, санаторлы-курорттық картасының көширмесі;

коммуналдық қызмет шығындарын төлеу үшін - тұрмыстық жағдайын тексеру актісі, ауылдық округ әкімінің қолдаухаты;

3) 6) тармақшада көрсетілген санаттарға мектепке дейінгі мекемесінің анықтамасы, өз жеке ісін ашу үшін - шығындарын (есептерін) растайтын құжат;

4) 8) тармақшада көрсетілген санаттарға оқу төлеу үшін – тұрмыстық жағдайын тексеру актісі, ауылдық округ әкімінің қолдаухаты, ұлттық бірыңғай тестілеудің нәтижелері бойынша берілген сертификаттын көшірмесі, жалпы және орта білім туралы атtestатының көшірмесі, білім қызметтерін көрсетуге аудан әкімімен, студентпен, жоғары оқу орнымен үш жақты келісім-шарт;

5) 9) тармақшада көрсетілген санаттарға жеке ауланы дамытуға материалдық

көмек алу үшін - бөліммен, ауылдық округ әкімімен және аз қамтамасыз етілген азаматпен жеке ауланы дамытуға материалдық көмек көрсету үшін үш жақты келісім-шарт, оңалту орталығын ашу үшін – шығындарын (есептерін) растайтын құжат, жерлеуге – қайтыс болуы туралы қуәлік;

6) 10) тармақшада көрсетілген санаттарға жолақысын, жүріп-тұруын және тамақтануын төлеу үшін – денсаулық сақтау мекемесінен анықтама, онкологиялық ауруына, әр түрлі туберкулез формаларымен, адамның қорғаныш тапшылығының қоздырғыш ауруына шалдыққан кезде баланың туу туралы күйөлігінің көширмесі ;

7) 11), 12) тармашаларында көрсетілген санаттарға – біржолғы материалдық көмек төлеу үшін - жұмысқа қабылдау туралы бұйрығының көшірмесі немесе бұйрықтан үздінді ;

8) 1), 2), 3), 4), 5), 6), 7), 8), 9), 10), 11), 12), 13)тармақшаларында көрсетілген санаттарға табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдай салдарынан қаражатсыз қалған, қарастырылмаған шығыстарға байланысты (өрт, тоңау, бір айдан аса созылған ауру) - отбасы орта кіріс есебі немесе кіріс есепсіз ескерілген тиісті мекемелерінен растайтын құжат ;

9) көмектің екі түрін алу үшін – мүгедектерге әлеуметтік көмек және әлеуметтік-мағыналы аурулармен ауыратын азаматтарға электронды үкіметтік портал арқылы электрондық цифрлық қолтаңба бар болған жағдайда көмек алуға болады .

4. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудандық мәслихаттың әлеуметтік сала және мәдени даму мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

5. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрагасы

К. Есімов

Аудандық мәслихат хатшысы

К. Әлтаев